## "Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу кодекстеріне қылмыстық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 1302 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу кодекстеріне қылмыстық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Жоба

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қылмыстық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу кодекстеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексіне ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат; 1998 ж., N 16, 219-құжат; N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 10, 106-құжат; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 15, 137-құжат; N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139-құжат; 2005 ж., N 3, 53-құжат):

1) 54-баптың 1-бөлігі мынадай мазмұндағы р) тармағымен толықтырылсын:

"р) қылмыс жасаған адам қылмыстық ізге түсу органдары мен соттан жасырынған және оған қатысты іздестіру жарияланған жағдайлар";

2) 59-баптың екінші бөлігінде:

"жартысынан" деген сөз "үштен екісінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"үштен екісінен" деген сөздер "төрттен үшінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 63-бап мынадай мазмұндағы 8-бөлікпен толықтырылсын:

"8. Іс-әрекеттерінде қауіпті немесе аса қауіпті қылмыстардың қайталануы болған

адамдарға шартты түрде соттау қолданылмайды.";

4) 69-баптың бірінші бөлігінде:

в) тармағындағы "он" деген сөз "он бес" деген сөздермен ауыстырылсын;

г) тармағындағы "он бес" деген сөздер "жиырма" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 70-баптың сегізінші бөлігі "ауыстырылған адамға" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ қауіпті және аса қауіпті қылмыстар қайталанғанда," деген сөздермен толықтырылсын;

6) 75-баптың бірінші бөлігінде:

в) тармағы "қылмысы" деген сөзден кейін ", сондай-ақ қылмыс қайталанған кезде орташа ауырлықтағы қылмысы" деген сөздермен толықтырылсын;

г) тармағындағы "қылмысы" деген сөзден кейін ", сондай-ақ қылмыс қайталанған кезде ауыр қылмысы" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы д) тармағымен толықтырылсын:

"д) қауіпті және аса қауіпті қылмыс қайталанған кезде ауыр немесе аса қауіпті қылмыс үшін сотталғанда - жиырма жыл";

7) 76-баптың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қауіпті және аса қауіпті қылмыстар қайталанған кезде ауыр және аса ауыр қылмыстар жасаған адамдарға қатысты рақымшылық қолданылмайды.";

8) 77-баптың бесінші бөлігі мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Бұл норма қауіпті және аса қауіпті қылмыстар қайталанған кезде ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты таратылмайды.";

9) 206-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Нақ сол әрекеттер:

а) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша;

б) бірнеше рет;

в) ірі мөлшерде;

г) жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасағаны немесе сатқаны үшін бұрын сотталған адам жасаса;

мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

10) мынадай мазмұндағы 227-1-баппен толықтырылсын:

**" 227-1-бап . Абоненттік құрылымды, абонентті сәйкестендіру картасын заңсыз өзгерту, қайта бағдарлама жасау, ұялы телефонға арналған бағдарламалар жасау, пайдалану, тарату.**

1. Ұялы телефон шығарушының немесе заңды иесінің келісімінсіз ұялы байланыстың абоненттік құрылымын, сәйкестендіргішін немесе абонентті сәйкестендіру картасын заңсыз пайдакүнемдік және өзге жеке мүддесі үшін өзгерту және қайта бағдарлама жасау, -

- екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не жүз жиырма сағаттан жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына не нақ осы мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Ұялы байланыстың абоненттік құрылымын, сәйкестендіргішін және абонент сәйкестендіру картасын өзгертуге немесе қайта бағдарлама жасауға мүмкіндік беретін ұялы байланыс телефондарына арналған бағдарламаларды пайда үстемдік мақсатта немесе өзге жеке мүддесі үшін жасау, -

- бес жүзден сегіз жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бес айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Дәл сол әрекеттерді:

а) адамдар тобының алдын-ала сөз байласуы бойынша немесе ұйымдасқан топ;

б) бірнеше рет;

в) компьютерлік ақпаратқа заңсыз кіргені үшін, ЭЕМ үшін зиянды бағдарламаларды жасағаны, пайдаланғаны және таратқаны үшін немесе абоненттік құрылымды, абонентті сәйкестендіру картасын заңсыз өзгерту, қайта бағдарлама жасау, ұялы телефондарға арналған бағдарламалар жасағаны қолданғаны, таратқаны үшін сотталған адам жасаса, -

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

11) мынадай мазмұндағы 245-1-баппен толықтырылсын:

"245-1-бап. Сапасыз құрылыс

1. Құрылыс ұйымдары басшыларының, жұмыс жүргізушілердің және құрылыстың сапасын бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың сапасыз салынған, аяқталмаған немесе шарттың талаптарына және жобаларға сәйкес келмейтін ғимараттар мен құрылыстарды, автомобиль жолдарын, тоннельдерді, электр станцияларын немесе тұрғын үйлерді пайдалануға тапсыруы, сондай-ақ оларды сапасыз жөндеуі, егер бұл абайсызда адам денсаулығына ауыр немесе орташа ауырлықтағы зиян келтіруге әкеп соқса, -

бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бес айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып не онсыз дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Абайсызда кісі өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан нақ сол

әрекеттер, -

алты жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып не онсыз мүлкі тәркіленіп, дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.".

2. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 23, 335-құжат ; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж. N 4, 32, 33-құжаттар; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; N 23, 139-құжат; N 24, 154-құжат; 2005 ж., N 13, 53-құжат):

1) 7-баптың бірінші бөлігінде:

9) тармақтағы "анықтаушы" деген сөз "анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) тармақтағы "анықтаушы" деген сөз "анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) тармақтағы "анықтаушы" деген сөз "анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) тармақтағы "және қылмыс жасаған адамдарды қылмыстық жауапқа тарту" деген сөздер "алдын ала тергеудің алдындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) тармақтағы "немесе анықтаудың" деген сөздер алынып тасталсын;

28) тармақтағы "анықтау және" деген сөздер алынып тасталсын, "(алдын ала тергеу) ," деген сөздерден кейін "істі тергеу бөлімшесіне бергенге дейін анықтау органының шұғыл тергеу әрекеттерін жүргізуі," деген сөздермен толықтырылсын;

33) тармақтағы "анықтаушының" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 10-баптың бірінші бөлігіндегі "және анықтаушы" деген сөздер "және анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 14-баптың екінші бөлігіндегі үшінші сөйлем "соттың шешімімен" деген сөздерден кейін "немесе прокурордың санкциясымен" деген сөздермен толықтырылсын ;

4) 24-баптың бірінші бөлігіндегі "анықтаушы" деген сөз "анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 25-баптың бірінші бөлігіндегі "анықтаушы" деген сөз "өз құзыреті шегінде анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 38-баптың бесінші бөлігіндегі "немесе анықтау органы" деген сөздер алынып тасталсын;

7) 50-бапта:

бірінші бөлігіндегі "анықтаушының," деген сөз алынып тасталсын;

үшінші бөлігіндегі "анықтаушының," деген сөз алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

"Ескертпе. Қылмыстық іс бойынша одан әрі өндіріске кедергі жасайтын еңсерілмейтін күштердің әрекеттері деп табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды, әскери іс-әрекеттерді түсіну керек.";

8) 56-баптың екінші бөлігіндегі "анықтаушының" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 64-баптың бірінші бөлігіндегі "және қаржы полициясы органдарының тергеушісі " деген сөздер "қаржы полициясы органдарының тергеушісі, кеден органдардың тергеушісі, әділет органдарының тергеушісі, әскери полиция органдарының тергеушісі және өртке қарсы қызметтің тергеушісі" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 65-бапта:

бірінші бөлігіндегі 3) және 4) тармақшалар алынып тасталсын;

екінші бөлігіндегі 10) тармағындағы "мемлекеттік," деген сөз алынып тасталсын;

11) 66-бапта:

бірінші бөлігіндегі "285-бабында көзделген" деген сөздер "200-бабының тәртібімен қозғалған" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлігінде:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Анықтау органы қозғаған қылмыстар туралы істер бойынша анықтау органының бастығы анықтауды жүргізетін адамдардың іс-әрекеттерінің уақтылылығын және заңдылығын бақылайды және:";

2) тармақта:

", айыпталушы ретінде тарту қылмысты саралау және айыптаудың көлемі туралы" деген сөздер алынып тасталсын;

"бір анықтаушыдан" деген сөздер "анықтауды жүргізетін бір адамнан" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақтағы "бірнеше анықтаушыға" деген сөздер "анықтауды жүргізетін бірнеше адамға" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Анықтау органының бастығы қылмыстық іс қозғау немесе оны қозғаудан бас тарту, тінту жүргізу және мүлікке тыйым салу туралы, сезіктіге қатысты қамауға алу түріндегі бұлтартпау шараларын таңдау, өзгерту немесе тоқтату туралы, қамауға алынбаған сезіктіні стационарлық сот-медициналық немесе сот-психиатриялық сараптамалар жүргізу үшін медициналық мекемеге жіберу, айыпталушыны этаппен жөнелту туралы қаулыларды бекітеді; қылмыстың жасалуына сезікті адамдарды ұстау туралы хаттаманы бекітеді; қылмыстың жасалуына ықпал еткен жағдаяттарды жою жөнінде шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді";

алтыншы бөлігінде:

"анықтаушының" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен

ауыстырылсын;

"Анықтаушының" деген сөз "Анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 67-бапта:

баптың атауындағы "Анықтаушы" деген сөз "Анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлігінде:

"Анықтаушы" деген сөз "Анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыруға" деген сөздер " шұғыл тергеу әрекеттерін жүргізуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

"шегінде" деген сөзден кейін "қылмыстық істі тергеу бөлімшесіне бергенге дейін ол бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлігіндегі "Анықтаушы" деген сөз "Анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын, "сотқа дейінгі іс жүргізудің" деген сөздер "анықтаудың" деген сөзбен ауыстырылсын;

үшінші бөлігі алынып тасталсын;

төртінші бөлігінде:

"Анықтаушы, алдын ала тергеу жүргізуші міндетті қылмыстық істер бойынша" деген сөздер "Анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

"шараларын" деген сөзден кейін "осы Кодекстің 200-бабының тәртібімен" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші бөлігіндегі "Анықтаушы" деген сөз "Анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы бөлігінде:

"анықтаушы" деген сөз "анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қылмыстың саралануы мен айыптаудың көлемі, айыпталушыны сотқа беру үшін істі прокурорға жолдау туралы немесе қылмыстық істі қысқарту туралы нұсқауларды қоспағанда," деген сөздер алынып тасталсын;

13) 68-бапта:

бірінші бөлігіндегі ", анықтаушы" деген сөз "немесе анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші бөлігіндегі "анықтаушының" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 69-бапта:

бірінші бөлігіндегі ", сондай-ақ оған қатысты анықтау органының бастығы айыптау хаттамасын жасаған және бекіткен адам" деген сөздер алынып тасталсын;

екінші бөлігінде:

"немесе анықтаушының" деген сөздер алынып тасталсын;

15) 72-баптың алтыншы бөлігі "анықтау" деген сөзден кейін ", жеделдетілген алдын ала тергеу," деген сөздермен толықтырылсын;

16) 74-бапта:

екінші бөлігіндегі "анықтау" деген сөз "жеделдетілген алдын ала тергеу" деген сөздермен ауыстырылсын, "анықтаушының" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлігінде:

"анықтаушының" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

"анықтаушы" деген сөз "анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 75-баптың алтыншы бөлігіндегі "анықтаушының" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 77-баптың төртінші бөлігіндегі "анықтаушының" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 82-бапта:

үшінші бөлігінде:

"анықтаушының" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлігінде:

"анықтаушының" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

"анықтауды" деген сөз "анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 86-баптың бесінші бөлігіндегі "анықтаушының" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 89-баптың бірінші бөлігіндегі "анықтаушы" деген сөз "анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) 90-бапта:

бірінші бөлігінде:

4) тармақтағы "анықтаушы" деген сөз "анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақтағы "немесе анықтаушының" деген сөз "немесе анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) 91-баптың екінші бөлігіндегі "анықтау" деген сөз "жеделдетілген алдын ала тергеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 92-бапта:

баптың атауындағы "анықтаушыға" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамға" деген

сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлігіндегі "анықтаушы" деген сөз "анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлігіндегі "анықтаушының" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлігіндегі "анықтаушыға" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамға" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 96-баптың бірінші бөлігінің екінші тармағындағы "анықтаушыға" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамға" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 97-баптың бірінші бөлігінің бірінші тармағындағы "анықтаушы" деген сөз "анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 98-бапта:

баптың атауындағы "анықтаушылардың" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлігіндегі "анықтаушы" деген сөз "анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

28) 102-баптың бірінші бөлігіндегі "анықтаушыға" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамға" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 103-баптың бірінші бөлігіндегі "анықтаушының" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 104-баптың екінші бөлігіндегі "анықтаушының" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

31) 105-баптағы "Анықтаушының" деген сөз "Анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

32) 107-баптың бірінші бөлігіндегі "анықтаушыға" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамға" деген сөздермен ауыстырылсын;

33) 108-бапта:

баптың атауындағы "Анықтаушының" деген сөз "Анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөлігіндегі "Анықтаушының" деген сөз "Анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

34) 115-баптың бірінші бөлігіндегі "анықтаушы" деген сөз "анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

35) 126-бапта:

екінші, үшінші бөліктеріндегі "анықтаушы", "анықтаушының" деген сөздер "анықтауды жүргізетін адам", "анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы, жетінші және он екінші бөліктеріндегі "анықтаушы" деген сөз "анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

36) 128-баптың екінші бөлігіндегі "анықтаушы" деген сөз "анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

37) 134-баптың бірінші бөлігіндегі "анықтаушы" деген сөз "анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

38) 136-баптың бірінші және үшінші бөліктеріндегі "анықтаушының" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

39) 138-баптың бірінші бөлігіндегі "Анықтаушы" деген сөз "Анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

40) 139-бап "анықтаудан," деген сөзден кейін "жеделдетілген алдын ала тергеуден," деген сөздермен толықтырылсын;

41) 144-баптағы "анықтаушының" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

42) 150-бапта:

екінші және бесінші бөліктеріндегі "анықтаушы" деген сөз "анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы бөлігіндегі "анықтаушыға" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамға" деген сөздермен ауыстырылсын;

оныншы бөлігіндегі "Анықтаушы" деген сөз "Анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

43) 152-баптағы "анықтаушының" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

44) 154-баптағы "анықтаушының" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

45) 157-бапта:

баптың атауындағы "Анықтаушыға" деген сөз "Анықтауды жүргізетін адамға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"анықтаушының" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

46) 158-бапта:

бірінші бөлігіндегі "анықтаушының" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы бөлігінде:

"анықтаушының" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

"орган" деген сөзден кейін "немесе ішкі істер органы" деген сөздер алынып тасталсын;

47) 159-баптың төртінші бөлігіндегі "немесе анықтаушының" деген сөз алынып тасталсын;

48) 161-бапта:

бірінші бөлігіндегі "анықтаушы" деген сөз "анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші бөлігіндегі "Анықтаушы" деген сөз "Анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

он бірінші бөлігіндегі "Анықтаушы" деген сөз "Анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

49) 164-баптың бірінші бөлігіндегі "анықтаушы," деген сөз алынып тасталсын;

50) 168-баптың үшінші бөлігіндегі "анықтаушы" деген сөз "анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

51) 174-баптың төртінші бөлігі мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Көрсетілген шығыстарды өтеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.";

52) 175-бапта:

4) тармағы "анықтау," деген сөзден кейін "жеделдетілген алдын ала тергеу," деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармағындағы "анықтауға," деген сөзден кейін "жеделдетілген алдын ала тергеуге," деген сөздермен толықтырылсын;

53) 182-баптың 2) тармағындағы "анықтаушы" деген сөз "анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

54) 184-баптағы "бір айға дейін" деген сөздер "екі айға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

55) 185-баптың бірінші бөлігіндегі "анықтаушы" деген сөз "анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

56) 186-баптың бірінші бөлігіндегі "анықтаушы" деген сөз "анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

57) 187-баптың үшінші бөлігіндегі "анықтаушының" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

58) 189-бапта:

1) тармақ "тергеу" деген сөзден кейін ", жеделдетілген алдын ала тергеу" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақ "тергеу" деген сөзден кейін "немесе жеделдетілген алдын ала тергеу" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3) анықтау органы шұғыл тергеу әрекеттерін орындағаннан кейін істі 5 тәулік ішінде алдын ала тергеу жүргізу үшін жібереді.";

59) 190-баптың 1), 2) және 3) тармақтарындағы "анықтаушының" деген сөз " анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

60) 191-баптың бірінші бөлігіндегі "және 285-бабында" деген сөздер алынып

тасталсын;

61) 192-бапта:

екінші бөлігі:

"107-бабында (екінші бөлігінде)," деген сөздерден кейін "112" деген сандармен толықтырылсын;

"187-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде)," деген сөздерден кейін "227-1," деген сандармен толықтырылсын;

"245" деген сандардан кейін "245-1" деген сандармен толықтырылсын;

"327-бабында (үшінші бөлігінде)," деген сөздерден кейін "330-2 (екінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

62) 196-баптың бірінші бөлігі "кешіктірмей" деген сөзден кейін ", ал жеделдетілген алдын ала тергеу істері бойынша бір ай ішінде" деген сөздермен толықтырылсын;

63) 197-бапта:

бірінші бөлігінде:

3) тармағы "тергеу" деген сөзден кейін ", жеделдетілген алдын ала тергеу" деген сөздермен толықтырылсын;

8) тармағы "анықтау" деген сөзден кейін ", жеделдетілген алдын ала тергеу" деген сөздермен толықтырылсын;

10) тармағындағы "анықтаушы" деген сөз "анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) тармағындағы "анықтау" деген сөзден кейін ", жеделдетілген алдын ала тергеу" деген сөздермен толықтырылсын;

13) тармағындағы "анықтаушы" деген сөз "анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) тармағындағы "анықтаушыны" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамды" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлігіндегі "анықтаушыға" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамға" деген сөздермен ауыстырылсын;

64) 205-баптың бірінші бөлігіндегі "анықтаушының," деген сөз алынып тасталсын;

65) 221-баптың бірінші бөлігіндегі "анықтаушы" деген сөз "анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

66) 222-баптың үшінші бөлігіндегі "анықтаушы" деген сөз "анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

67) 223-баптың үшінші бөлігі мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Тергеу және анықтау органдары алып қойған ұлттық және шетел валютасындағы ақшалай қаражат қылмыстық процесті жүргізетін органның депозиттік шотына енгізіледі.";

68) 265-баптың бірінші бөлігі "бойынша" деген сөзден кейін "оның ішінде екі ай тергеу мерзімі өткенге дейін" деген сөздермен толықтырылсын;

69) 267-1-баптың екінші бөлігі "орынбасарларында" деген сөзден кейін ", облыстар прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорларда" деген сөздермен толықтырылсын;

70) 280-баптың екінші бөлігі алынып тасталсын;

71) 37-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

**"37. Жеделдетілген алдын ала тергеу жүргізу";**

72) 285-бапта:

атауы мен бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

**"285-бап. Жеделдетілген алдын ала тергеу жүргізудің тәртібі мен мерзімдері**

1. Осы баптың екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, жеті де бірінші, сегізінші, сегіз де бірінші және тоғызыншы бөліктерінде көрсетілген қылмыстар туралы істер бойынша алдын ала тергеу жүргізу жедел түрде жүзеге асырылады және жеделдетілген алдын ала тергеу материалдары істі сотта қарауға негіз болып табылады.";

екінші бөлігінде:

"анықтауды" деген сөз "жеделдетілген тәртіппен алдын ала тергеуді" деген сөздермен ауыстырылсын;

"330-2" деген сандардан кейін "(бірінші бөлігінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

"анықтау жүргізумен" деген сөздер "тергеумен" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлігінде:

"анықтауды" деген сөз "жеделдетілген тәртіппен алдын ала тергеуді" деген сөздермен ауыстырылсын;

"анықтау жүргізуге" деген сөздер "тергеуге" деген сөзбен ауыстырылсын;

төртінші және бесінші бөліктеріндегі "анықтауды" деген сөз "жеделдетілген тәртіппен алдын ала тергеуді" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы бөлігіндегі "анықтауды" деген сөз "жеделдетілген тәртіппен алдын ала тергеуді" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші бөлігіндегі "анықтауды" деген сөз "жеделдетілген тәртіппен - алдын ала тергеуді" деген сөздермен ауыстырылсын;

жеті де бірінші бөлігіндегі "анықтауды" деген сөз "жеделдетілген тәртіппен алдын ала тергеуді" деген сөздермен ауыстырылсын;

сегізінші бөлігінде:

"мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

"анықтауды" деген сөз "жеделдетілген тәртіппен алдын ала тергеуді" деген сөздермен ауыстырылсын;

сегіз де бірінші, тоғызыншы, оныншы және он бірінші бөліктеріндегі "анықтауды" деген сөз "жеделдетілген тәртіппен алдын ала тергеуді" деген сөздермен ауыстырылсын;

он екінші бөліктегі "анықтау" деген сөз "жеделдетілген тәртіппен алдын ала тергеу" деген сөздермен ауыстырылсын;
он үшінші бөлікте:
"Анықтау" деген сөз "Жеделдетілген тәртіппен алдын ала тергеу" деген сөздермен ауыстырылсын;
"он күн" деген сөздер "бір ай" деген сөздермен ауыстырылсын;
"анықтау органының бастығы отыз тәулікке дейін" деген сөздер "тергеу бөлімшесінің бастығы екі айға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;
"Анықтау" деген сөз "Тергеу" деген сөзбен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:
"Істің мән-жайларын 2 ай мерзімде толық және жан-жақты зерттеуді қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайларда, жеделдетілген алдын ала тергеудің мерзімі осы Кодекстің 196-бабында белгіленген ережелер бойынша ұзартылады.";
73) 286-бап алынып тасталсын;
74) 287-бап алынып тасталсын;
75) 288-бапта:
бірінші бөлігіндегі "алдын ала тергеу жүргізу міндетті болады" деген сөздер "тергеу әдеттегі тәртіппен жүргізіледі" деген сөздермен ауыстырылсын;
екінші және үшінші бөліктері алынып тасталсын;
мемлекеттік тілдегі мәтінінде төртінші бөлігіндегі "және екінші бөліктерінде" деген сөздер "бөлігінде" деген сөздермен ауыстырылсын;
76) 289-бап мынадай редакцияда жазылсын:
**"289-бап. Прокурордың жеделдетілген алдын ала тергеуді қадағалау жөніндегі өкілеттіктері**
Жеделдетілген алдын ала тергеу жүргізу кезінде заңдардың атқарылуына қадағалауды жүзеге асыра отырып, прокурор осы Кодексте белгіленген өкілеттіктерге ие болады.";
77) 305-баптағы "Анықтаушы" деген сөз "Анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын;
78) 392-баптың екінші бөлігіндегі "анықтаушыға" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамға" деген сөздермен ауыстырылсын;
79) 471-бапта:
екінші бөлігіндегі "анықтаушының" деген сөз "анықтауды жүргізетін адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;
үшінші бөлігіндегі "немесе анықтаушының" деген сөздер алынып тасталсын;
80) 523-баптың үшінші бөлігіндегі "анықтаушы" деген сөз "анықтауды жүргізетін адам" деген сөздермен ауыстырылсын.
**2-бап** . Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**3-бап.** Осы Заң қолданысқа енген сәтте қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңнамасы оған қарама-қайшы келмейтін бөліктерде қолданылады.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК